

## **ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ**

### **Сынып жетекші қызметін ұйымдастыру. Сынып жетекшісі туралы**

түсінік Жалпы білім беретін мектептегі сынып жетекшісі – сабактан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырумен, үйлестірумен және өткізумен айналысадын педагог. Бұл сынып ұжымындағы әр алуан тәрбиелеудің түрлері арқылы мектеп пен бала арасындағы қарым – қатынасты ұйымдастырып, әр оқушының жеке өзіндік ерекшелігін көрсете білуіне жағдай жасап, өз қызметін оку – тәрбие жұмысының бірыңғай жүйесінде жүзеге асыратын өз ісінің шебері. **Сынып жетекшісінің тәрбие қызметіндегі мақсаты:**

Білім алушы тұлғасының өзін – өзі дамыту мен өзін іс жүзінде көрсетуі үшін, оның қоғамда табысты әлеуметтенуі үшін жағдай жасау.

Балалардың тума нышандары мен қабілеттерін дер кезінде айқындау әрі онды дамыту, қорғаныс, қауіпсіздік, эмоциялық жайлышты үшін психологиялық – педагогикалық жағдайлар жасау.

Тәрбиеленушілердің әр түрлі шығармашылық, тұлғалық және қоғамдық мәнді іс – әрекетін өмірдің әлеуметтік – жарамды тәжірибесінің көзі ретінде ұйымдастыру: қазіргі және болашақ есейген өміріндегі өзін – өзі дамыту білімі, икемі мен дағдылары, тұлғаның өзін – өзі анықтауы және өзін іс жүзінде көрсете білуі.

Өзара бірлескен қарым – қатынас кезінде тәрбиеленушілердің әлеуметтік құнды қарым – қатынастары мен алаңдататын мәселелерін сәйкестендіре ұйымдастыру.

### **Сынып жетекшісі қызметінің міндеттері:**

Сынып ұжымын қалыптастыру және дамыту;

Тұлғаны дамытып, әрбір алушының өзін танытуы әрі қайталанбас ерекшелігін сақтай отырып, оның әлеуетті қабілеттерін ашу үшін психологиялық – педагогикалық онды жағдай тудыру;

Салауатты өмір салтын қалыптастыру;

Сынып ұжымының түрлі үлгідегі тәрбиелеу қызметінің нысандары арқылы қарым – қатынас жүйесін ұйымдастыру;

Білім алушылардың құқықтары мен мұдделерін қорғау;

Сыныптағы жүйелік жұмысты ұйымдастыру;

Білім алушылардың, оқушылар ұжымы мен педагогика қызметкерлерінің арасындағы қарым – қатынасты ізгілendіру;

Білім алушылардың бойында адамгершілік құндылықтар мен рухани бағдарларды қалыптастыру;

Оқушылардың әлеуметтік мәні, шығармашылық іс – әрекетін қалыптастыру.

### **Сынып жетекшісінің негізгі қызметіне мыналар жатады:**

Сынып жетекшісінің қызметін ұйымдастыру;

Сынып ұжымының оку ісін ұйымдастыру;

Сыныптың сабактан тыс уақыттағы өмірін ұйымдастыру;

Оқушылардың жеке басын зерделей түсіну;

Оқушыларды әлеуметтік қорғау;

Ата – аналармен жұмыс.

### **Мына талаптар да маңызды:**

**Оқушыларды тәрбиелеу функциясы.** Тәрбиелік мақсаттағы міндеттерді шешуге бағытталған бүкіл педагогтардың күш – жігерін біртұтас ету сынып жетекшісінің мойнында. Бұл тұрғыдан тәрбиені адамды әлеуметтендіру үрдісінің педагогикалық құрамдас бөлігі деп қарастыруға болады. Яғни дамуы үшін жағдай жасу тұрғысында мақсатқа лайықты бағыттай әрекет етуді алға қояды. Бұл үрдіс қоғам өмірінің экономикалық, саяси және рухани салаларындағы әлеуметтік қатынастардың күрделі жүйесіне араласып кетуге даяр болуын қажет ететін әлеуметтік қалыптасуға себепші болмақ.

**Коршаған органдың қолайсыз әсерлерінен баланы әлеуметтік қорғаудың функциясы.** Әлеуметтік қорғау – психологиялық – педагогикалық шаралар кешені, онда баланың әлеуметтік онды өсүі мен жеке тұлғалық қалыптасуы, қазіргі нақты

**Ұйымдастыру функциясы.** Сынып жетекшісі танымдық, еңбекке баулу, логикалық тұрғыдағы әр түрлі іс – әрекеттерді, сондай – ақ оқушылардың бос уақытын саналы өткізуде басты ерекшелік болып табылатын қарым – қатынас жасай білуге үйретеді. Ол сыныптағы қарым – қатынас құрылымын үйлестіріп, көшбасшылық қасиеттерін көрсете білуге ынталандырып, сондай – ақ жауапкершілік, көмек көрсету, бірлесе шығармашылықпен айналысу қатынасын қалыптастыруға ұмтылады. Ұжымдық шығармашылық қызметті, әсіресе оны оқу барысындағы әрі сабактан тыс іс – әрекеттерде пайдаланудың мәні ерекше.

**Оқушылардың өзін – өзі басқаруын дамыту функциясы.** Оқушылардың өзін – өзі басқаруы дегеніміз оқушылар ұжымындағы тыныс – тіршілікті ұйымдастырудың түрі және қоғамдық мәні бар мақсаттарға қол жеткізу үшін олардың өз бетінше дамуы мен шешімдерді іске асыруда өсе түсін қамтамасыз етеді.

**Диагностикалық функция** сынып жетекшісінің оқушылар тәрбиесіндегі бастапқы деңгей мен өзгерістерді ұдайы айқындал отыруды міндет етеді. Ол баланың адамдық және жеке тұлғалық ерекшеліктерін зерттеуге, тиімді нәтижелерге қол жеткізудің жолдарын іздеуге бағытталған.

**Сынып жетекшісі қызметінің жоспарлау функциясы.** Тәрбие жұмысын жоспарлау ең алдымен қызметті онтайлы ұйымдастырудағы сынып жетекшісінің өзіне және сынып ұжымына деген көмегі. Жоспарды белгілеу дегеніміз педагогикалық қызметті тәртіпке келтіру, педагогика үрдісіндегі нәтижелер жоспарлылығы мен жүйелілігі, басқару икемділігі мен сабактастығы секілді талаптардың орындалуын қамтамасыз ету.

#### **Сынып жетекшісі қолынан мынадай істер келуге тиісті:**

Өзінің жеке басындағы іскерлік пен жауапкершілік арқылы үлгі бере отырып, бала белсенділігін, жауапкершілігін көтермелей қарым – қатынас орнату;

Өз тәрбиелік мақсаттарын көре білу және тұжырымдау;

Өз сыныбында жүргізілетін тәрбие жұмысының жоспарын жасау;

Тәрбиелік іс – шараларды ұйымдастыру;

Ата – аналар жиналысын ұйымдастыру және өткізу;

Психологиялық – диагностикалық тестерді, саулиамаларды, сұрақ – жауаптарды және басқа да диагностикалық әдістемелерді қолдану және оларды тәрбие жұмысында орынды пайдалану.

#### **Сынып жетекшісі:**

ҚР «Білім туралы» заңын;

Бала құқықтары жөніндегі конвенцияны;

Балалардың және олардың жас ерекшелігіне қатысты, педагогиканы сондай – ақ әлеуметтік, педагогикалық психологияны, валеологияны, мектеп гигиенасын;

Педагогикалық әдеп пен шеберлікті;

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесін;

Еңбек заңнамасының негіздерін білуі тиіс.